

Элективті пәндер каталогы

6B01 - Педагогикалық ғылымдар
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0114

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

B014 - География мұғалімдерін даярлау
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

6B01512 - География-Тарих
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

бакалавр
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2024 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Мукаев Ж.Т.
БББ менеджері Нурпейсова А.М.

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Жаратылыстану-математика факультетінің
сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
2024 жылғы «09» қаңтар №3 хаттама

Жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебі академиялық сапасын
қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Академиялық кеңесінде бекітуге ұсынылды
2024 жылғы 06 маусым №1 хаттама

БЕКІТІЛДІ

Университет Академиялық кеңесінің отырысында 2024 жылғы 16 қаңтардағы No3 хаттама.

Университет Академиялық кеңесінің отырысында 2024 жылғы 18 маусымдағы No 6 хаттама.

Археология және алғашқы қауымдық құрылыс тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Археология және алғашқы қауымдық құрылыс тарихы» оқу курсы археологияның ғылым ретіндегі ерекшеліктері туралы түсініктер қалыптастырады, археологиялық зерттеу әдістерімен таныстырады, археологиялық дәуірлер мен кезеңдер, оларды зерттеушілер, біздің еліміздің археологиялық мәдениеттері туралы кең көлемде білім береді, адамзат өркениетінің тарихын қайта құруда. Адамзат өнеркәсібі, мәдениет және қоғамдық қатынастар ерекшеліктеріне сүйене отырып, қоғамның даму процесін түсіндіреді.

Пәнді оқыту мақсаты

антропо-, социо- және культурогенез процестері, адамзаттың тарихи дамуының негізгі жолдары, қолданыстағы жалпы ұғымдар туралы жүйелік түсінік

археологиялық білім туралы тұтас көзқарасты қалыптастыру,

Оқыту нәтижелері

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) археологиялық ескерткіштердің түрлерін анықтау
- 2) адам және оның шаруашылығы эволюциясының негізгі кезеңдерін талдау
- 3) тарихи дереккөздерден алынған ақпаратты түсіндіру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Қазақстанның жаңа заман тарихы

Геодезия картография негіздерімен

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл оқу курсы студенттердің топографиялық-географиялық карталарды түсінуін тереңдетуге және оларды ғылыми зерттеулер мен далалық жағдайдағы практикада, карталарды құру процесінде, геологиялық зерттеулерде қолдануға бағытталған.

Осы пәнді меңгеру барысында студенттер геодезия мен картографияның жағдайы мен даму болашағын, топографиялық карта туралы негізгі мәліметтер, дала жағдайында топографиялық карталарды, пландарды және аэроғарыштық фотосуреттерді пайдалануды үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-бағыттау, өнімді-технологиялық тәсілді қолдана отырып, кадастрлық жұмыс және инженерлік тапсырманы шешу, топографиялық планды құру және өзгерту және топографиялық геодезияны зерттеу кезінде студентке геодезиялық жұмыстың әдісін үйрету және жоба туралы нақты түсінік беру.

Оқыту нәтижелері

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) топографиялық карталар мен пландарды алу мақсатында түсірілімдер үшін мемлекеттік геодезиялық негіздеме жасау, жер фигураларын сипаттау;
- 2) Топографиялық карталар бойынша есептеу жұмыстарын, биіктік негіздемесінде теодолиттік жүрістер, серифтер әдістерімен негіздеме жасау бойынша топографиялық түсірілімдер мен геодезиялық жұмыстарды орындау;
- 3) Картографиялық материалдармен, геодезиялық аспаптармен жұмыс істеу әдістерін қолдану.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Геоинформатика негіздері

Ежелгі ғұндар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Ежелгі ғұндар» пәні келесідей негізгі проблемаларды қарастырады: Ғұндар туралы ежелгі қытай деректері Ұлы Ғұн мемлекеті құрылғанға дейінгі және өмір сүрген кезеңдегі, Ұлы Ғұн империясының сыртқы және ішкі саясаты, оның басшылығы мен тарихи тұлғалары, ыдырауы. мемлекеті, Еуразиядағы Ғұн Ордалары, Еуропадағы Ғұндар және Батыс Ғұн Ордалары, оның дүниежүзілік тарихтағы орны мен маңызы.

Пәнді оқыту мақсаты

ғұндардың әлеуметтік-экономикалық, саяси тарихы бойынша білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Ғұн державасын қалыптасу ерекшеліктерін анықтау

2) жекелеген құбылыстарды әлемдік-тарихи дамудың жалпы парадигмасына байланыстыра отырып, алған білімдерін қолдану
3) Шығыс пен Батыстың өзара іс-қимылының сипатын, дәстүрлер мен мәдениеттер синтезін түсіндіру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Қазақстанның жаңа заман тарихы

Ежелгі Қазақстан тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ауқымды фактологиялық материалды хронологиялық реттілікпен, тарихи-этномәдени процестердің негізгі кезеңдері мен өзгешелігімен, Қазақстан аумағындағы тас, қола ғасырларының ерекшеліктерімен, археологиялық мәдениеттермен, ерте мемлекеттік құрылымдармен, ерте көшпелілердің табиғи ортаны шаруашылық тұрғыдан игеру эволюциясымен, Қазақстанның ежелгі заман халқының мәдениетінің ерекшеліктерімен қарастырады. Қазақстанның ежелгі тарихының теориялық, әдіснамалық, тұжырымдамалық мәселелері дүниежүзілік тарих оқиғалары мән мәтінінде қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазақстанның ежелгі тарихы бойынша жүйелі білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ОН3 Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) ерте мемлекеттік құрылымдардың қалыптасу ерекшеліктерін анықтау
- 2) ежелгі кезеңдегі Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени дамуын талдау
- 3) тарихи көздерден алынған ақпаратты түсіндіру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Қазақстанның жаңа заман тарихы

Картография топография негіздерімен

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән географиялық пәндер жүйесіндегі картографияның орны, негізгі картографиялық түсініктер, карталардың классификациясы, математикалық негізі, шартты белгілер, картографиялық бейнелеу әдістері, геодезиялық құрылғылар, картаны құру заңдылықтары туралы терең білім қалыптасады. Курсты оқу барысында студенттер картаны еркін оқуды, карта мазмұнын талдауды, Жергілікті жерді картасыз және картаның көмегімен бағдарлауды, топографиялық карталарды, компасты, геодезиялық аспаптарды қолдануды, спутниктік суреттермен, аэрофотосуреттермен жұмыс жасауды үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттерде ғылыми зерттеулер мен практикалық жұмысты жүргізу барысында географиялық және топографиялық карталармен жұмыс істей алатындай картографиялық білім қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН4 Білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық технологияларды және заманауи ақпарат құралдарын пайдалана отырып әзірлеу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) картографиялық кескінді құру негіздерін, оны түрлендіру жолдарын, карталардағы шартты белгілер жүйесін жобалау ережелерін, картаның математикалық негізін таңдау және құру принциптерін, картографиялық жұмыстардың негізгі түрлерін түсіндіру;
- 2) топографиялық және кіші масштабты карталарда бағыттардың бұрыштарын, координаттарын анықтау;
- 3) территорияны топографиялық және тақырыптық карталар бойынша, кез келген құбылыстар мен процестерді атластардың тақырыптық карталары бойынша сипаттау.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Геоинформатика негіздері

Топография жергілікті жерді бағдарлау негіздерімен

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Геодезия негіздерімен топография жер бетін бейнелеу әдісі ретінде топографиялық карта туралы іргелі білім беретін, толықтығымен, шынайылығымен және дәлдігімен, оның қасиеттері туралы; жергілікті жердегі геодезиялық өлшеу тәсілдері

және далалық түсірілім материалдары мен аэрофотосуреттер бойынша топографиялық карталар жасау әдістері туралы негізгі пән болып табылады.

Пәнді оқыту мақсаты

топографиялық карталар, олардың мазмұны мен жасау әдістері, қолданбалы географиялық есептерді шешу үшін қолдану мүмкіндіктері, жергілікті жерді топографиялық түсіру тәсілдері туралы жалпы және арнайы білім беру

Оқыту нәтижелері

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Картаның негізгі проекцияларын, карта тілін және картадан ақпаратты алу әдістерін түсіндіру;
- 2) Топографиялық және спорттық карталарды қолдану салаларын сипаттау;
- 3) Түрлі карталарға салыстырмалы талдау жасап, топографиялық картада ұзындықтар мен аудандарды өлшеу.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Геоинформатика негіздері

Қосалқы тарихи пәндер

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қосалқы тарихи пәндер бойынша бағдарламаның негізгі мазмұны жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіби даярлау міндетімен анықталады. Бағдарламада әрбір қосалқы тарихи пәндердің теориялық материалын ғана емес, сонымен қатар осы пәндердің тұжырымдарын практикалық қолдану перспективасын ашатын олардың әдістемелеріне де назар аударылады.

Пәнді оқыту мақсаты

сыртқы сын дағдыларын қалыптастыру

әр түрлі тарихи кезеңдердің көздерінің ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ОНЗ Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) тарихи дереккөздердің әртүрлі типтері мен түрлерімен жұмыс істеу тәсілдерін салыстыру
- 2) қосалқы тарихи пәндердің әдістерін ажырату
- 3) тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттерден алынған ақпаратты түсіндіру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Қазақстанның жаңа заман тарихы

Ортағасырлық Қазақстанның ақша айналымы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс V-XVII ғасырлардағы Қазақстан қалаларындағы ақша ісінің қалыптасуы мен дамуын қарастырады. Қазақстан жеріндегі бірқатар ортағасырлық әулеттердің және Қазақ хандығының ақша айналысы оқытылады. Ортағасырлық Қазақстан қалаларын археологиялық зерттеу кезінде ғылыми айналысқа қосылған нумизматикалық жаңа зерттеулер материалдары қолданылады. Ортағасырлық ақша айналысында Испиджаб, Алматы, Сығанақ, Сарайшық, Йасы-Түркістан, Сайрам, Сауран қалалары шығарған ақшалардың маңызы көрсетіліп, ақша деректеріндегі тарихи мағлұмат талданады.

Пәнді оқыту мақсаты

Ортағасырлық Қазақстандағы ақша айналымы тарихы бойынша жүйелі білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ОНЗ Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) монета терминдерінің мағынасын, монеталардың жіктелуін және атрибуциясын талдауды;
- 2) Қазақстан аумағында сауда мен ақша айналымын дамытудағы Ұлы Жібек жолының рөлін бағалау
- 3) тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттерден алынған ақпаратты түсіндіру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Қазақстанның жаңа заман тарихы

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән орта ғасырдағы Қазақстан тарихының негізгі мәселелері бойынша жүйелі білімді қалыптастырады. Курс аясында Орта ғасырдағы Қазақстан тарихын кезең-кезеңімен сипаттаудың негізгі мәселелері, мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңдері, түркі мемлекеттілігінің қалыптасуы, моңғол жаулап алуының салдары, Қазақ хандығының қалыптасу тарихы, қазақ этногенезі, Қазақ мемлекетінің шаруашылығы, тұрмысы, әлеуметтік құрылымы мен саяси жүйесі, сондай-ақ көшпенділердің рухани әлемінің эволюциясы және олардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазақстан аумағында орта ғасырларда орын алған тарихи процестердің басты бағыттары, тарихи оқиғалар туралы білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ОН3 Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) ортағасырлық тарихи-этномадени үдерістердің негізгі кезеңдері мен өзіндік ерекшелігін анықтау;
- 2) қазақ халқының этногенезі мен топтасу процесін талдау
- 3) тарихи дереккөздерден алынған ақпаратты түсіндіру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Қазақстанның жаңа заман тарихы

Метеорология климатология негіздерімен

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс жердегі атмосфераның құрамы мен құрылысын, негізгі атмосфералық процестерді, радиациялық және жылу балансын, атмосферадағы ылғал айналымын, атмосферадағы циркуляция, жер бетінің климатын, метеорологиялық бақылау әдістерін зерттейді. Географиялық құбылыстар мен процестерге байланысты мәліметтерге дұрыс талдау жасауды, негізгі метеорологиялық приборлардың аттары мен құрлысын, жұмыс істеу принциптерін, қарапайым метеорологиялық приборлармен ауа-райына бақылау жасай білуді үйретеді.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттердің атмосфера, ондағы физикалық құбылыстардың сипаты, климаттың қалыптасу заңдылықтары және климаттың географиялық таралуы туралы білімдерін толықтыру.

Оқыту нәтижелері

ОН9 Табиғат кешендерінің қалыптасу заңдылықтарын сипаттау және қазіргі кезеңдегі табиғат пен қоғамның өзара байланысу ерекшеліктерін анықтау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) бастапқы метеорологиялық ақпаратты өңдеу;
- 2) климаттық процестерді талдау;
- 3) статистикалық және картографиялық мәліметтер негізінде климаттық диаграммалар мен профильдер, әр түрлі дерек көздер бойынша кез-келген аумақтың климаттық сипаттамасын жасау.

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы

Климат өзгеруінің заманауи мәселелері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс студенттерге қазіргі заманғы жаһандық мәселелер, климат өзгеруінің негізгі себептері, климатты құрушы факторлар, адамзаттың климатқа әсері, климатты зерттеудің негізгі әдістері туралы терең білім қалыптастырады. Курсты оқу барысында білім алушылар ауа-райын бақылауды, климат өзгеруінің нақты себептерін анықтауды және оны түсіндіруді, сонымен қатар климат өзгеруінің алғышарттарын зерттеуді, метеорологиялық приборлармен жұмыс жасауды үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Табиғи және антропогендік жүйелердің климаттың өзгеруіне бейімделуінің және оның зардаптарын азайтудың негізгі принциптері туралы студенттердің білімін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН9 Табиғат кешендерінің қалыптасу заңдылықтарын сипаттау және қазіргі кезеңдегі табиғат пен қоғамның өзара байланысу ерекшеліктерін анықтау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Климатқа антропогендік және табиғи әсер етудің негізгі факторларын анықтау үшін алған білімдерін қолдану;
- 2) Климаттың өзгеруіне жүйелердің сезімталдығын, бейімделгіштігін және осалдығын бағалау үшін климат туралы ақпаратты пайдалану дағдыларын түсіндіру;
- 3) Ауқымды климаттық өзгерістердің негізгі тенденцияларын, олардың себептері мен салдарын қолдану.

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы

Геожүйелер туралы білім

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл оқу курсына студенттер жалпы географиялық қабық, олардың өзара әрекеттесуі және географиялық қабық заңдылықтарын, сонымен қатар географиялық орта құрылымының жергілікті ерекшеліктерімен толықтай танысады. Курсты оқу барысында білім алушылар негізгі географиялық заңдылықтарды анықтау жолдарын, материя және энергия ақпарат ағындарымен біріктірілген географиялық жүйені зерттеуді, табиғи аумақтың кешеннің, табиғи ландшафттың өзара бір – бірімен байланысын, үйлесуін, кез келген географиялық объектіні бағалауды үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттерде географиялық қабық, оның құрамдас бөліктері (әртүрлі дәрежедегі геожүйелер), жердің ландшафтық сферасының құрылымы мен жұмыс істеу заңдылықтары, әртүрлі табиғи және антропогендік геодинамикалық процестер туралы тұтас түсінік қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН9 Табиғат кешендерінің қалыптасу заңдылықтарын сипаттау және қазіргі кезеңдегі табиғат пен қоғамның өзара байланысу ерекшеліктерін анықтау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) жаһандық және аймақтық деңгейлерде тұрақты дамудың географиялық негіздері туралы білімді пайдалану;
- 2) табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесу жүйелерін анықтау және табиғатты қорғау мәселелеріне анализ жасау;
- 3) аймақтық, ұлттық және жаһандық географиялық мәселелерге кешенді зерттеулер жүргізу бойынша арнайы ұсыныстар беру және жүзеге асыру жоспарын құрастыру.

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы

Антик тарихнамасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ежелгі кезеңдегі тарихи білімнің дамуы туралы жүйелі білімді қалыптастыруға, тарихи процестің маңызды ежелгі теорияларымен танысуға бағытталған. Курс аясында категориялық және терминологиялық аппаратты, грек тарихнамасының бастауларын, аты аңызға айналған ақындық аңыздарды, абыздардың, Спартан патшаларының жылнамаларын, грек және Рим тарихнамаларының бастауында тұрған тарихшылар мен жазушылардың оқиғалар, шарттар жазбаларын, еңбектері мен шығармаларын зерделеу, ежелгі авторлардың шығармаларын талдау көзделген.

Пәнді оқыту мақсаты

Пән студенттердің тарихи санасын қалыптастыруға, олардың антик халықтары тарихының мәселелерімен шұғылдануға бағытталады.

Оқыту нәтижелері

ОН3 Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) ежелгі тарихнаманың негізгі бағыттарын, грек және Рим тарихшыларының тұлғаларын білу
- 2) ежелгі еңбектерде қолданылатын терминологиямен, категориялық аппаратпен жұмыс істей білу
- 3) зерделенген материалды өз бетінше түсіну дағдыларын меңгеру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Батыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы

Шығыс елдерінің ежелгі және ортағасырлар тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында білім алушы Шығыс елдерінің ежелгі және ортағасырлық кезеңіндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуының негізгі аспектілерін айқындап, олардың даму тарихына байланысты мәліметтер алады. Ежелгі Шығыс қоғамының алғашқы қауымдық қоғамнан мемлекеттік қоғамға өту кезеңінің басты белгілерін және мемлекеттік институттарының пайда болу тарихын игерту пәнді оқытудағы басты ерекшелік болып табылады. Ортағасырлық Шығыс елдерінің Батыс Еуропаның отарына айналуына тарихи талдау жасалынады.

Пәнді оқыту мақсаты

Ежелгі және орта ғасырлардағы Шығыс елдерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері туралы кешенді білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ОНЗ Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) ежелгі және ортағасырлық шығыс елдерінің нақты-фактологиялық тарихының ерекшеліктерін және кезеңділігін анықтау
- 2) Шығыстың дамуындағы жалпы және ерекше заңдылықтарды түсіндіру
- 3) тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттерден алынған ақпаратты түсіндіру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Шығыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы

Батыс елдерінің ежелгі және ортағасырлар тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән батыс еуропалық қоғам мен мемлекеттің қалыптасуы мен даму тарихы, ежелгі және ортағасырлық өркениеттер дамуының негізгі кезеңдері, дәуірдің маңызды оқиғалары туралы жүйелі білімді қалыптастырады. Курс тарихи процестің қозғаушы күштері мен заңдылықтарын, адамның ондағы және ежелгі мен ортағасырлық әлеуметтік-саяси ұйымындағы орнын, тарихтың осы кезеңін бағалау мен кезеңдерге бөлудің дәстүрлі және жаңа тәсілдерін зерттеуді қамтиды.

Пәнді оқыту мақсаты

Батыс елдерінің ежелгі және ортағасырлық тарихы бойынша кешенді білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ОНЗ Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Батыстың ежелгі және ортағасырлық тарихының негізгі фактілерін анықтау
- 2) қоғамда болып жатқан процестердің негізгі үрдістерін түсіндіру
- 3) Тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттерден алынған ақпаратты түсіндіру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Батыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы

Қытай тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қытайдың жаңа заман кезеңіндегі Цин династиясының тарихы негізінде, өркениетінің жетістіктері, ішкі және сыртқы саясаты, оның басқа мемлекеттермен орнатқан қарым-қатынасы, түрлі династиялардың жаңа заман кезеңіндегі аталмыш мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси даму сипаты оқытылып, нақты деректер мен тарихнамалық материалдарға сүйене отырып, жартылай отар елге айналудың себебі мен салдарын айқындайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Әлемдік-тарихи үдерісі даму контекстінде Қытай тарихы бойынша кешенді білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ОНЗ Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Шығыс дамуының жалпы тарихи үрдістерін анықтау
- 2) Қытайдың саяси, экономикалық және аграрлық дамуының ерекшелігін түсіндіру
- 3) Қытай тарихының теорияларын, тенденцияларын мен тәсілдерін талдау

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Шығыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы

Географияны оқыту әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс жалпы орта білім беретін мектепке географиядан мемлекеттік білім стандартының талаптары, мектеп бағдарламалары мен география оқулықтарының мазмұны, құрылымы, әдістемелік аппараты, географияны оқыту әдіс-тәсілдері, географияны оқыту құралдарын пайдалану әдістері, негізгі педагогикалық технологияларды оқу процесінде қолдануды қарастырады. Студенттерді география мұғалімінің функцияларын орындаудағы бастапқы әдістемелік шығармашылық іс-әрекетін теориялық-әдістемелік негізде біліммен қамтамасыз етеді.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттерде болашақ география мұғалімі ретінде, әдістемелік ғылымның теориялық және әдіснамалық негіздері туралы білім қалыптастыру, мектепте географияны оқыту үдерісін ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде алған білімдерін қолдануға үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON6 Мектеп пен университеттің географиялық және тарихи пәндер бағдарламасының барлық сұрақтары бойынша оқу материалын күнделікті кәсіби қызметке байланыстыру

ON7 География және тарих сабақтарында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Оқыту нәтижелері:

- жалпы білім беретін мектепте мектептің географиялық білімінің мазмұнын, білім беруді ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, географияны оқытудың құралдарын, географияны оқыту процесінде оқушылардың білімді меңгеру, психикалық дамуы мен тәрбиесі арасындағы байланыстар мен бірлікке жету жолдарын зерттеу.

- географияны оқытудың принциптері мен әдістерін білім мен тәрбиенің біртұтас процесі ретінде студенттерге сіңіру;

- тақырыптық жоспарлау, әр түрдегі сабақтың әдістемелік әзірлемелерін құрастыру дағдыларын қалыптастыру;

Пререквизиттер

Педагогика

Постреквизиттер

Педагогикалық тәжірибе

Географиядан мектеп оқушыларының өздік жұмыстарының формалары және ұйымдастырылуы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста географияның мектеп курсының меңгеруде студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың әдістері мен формалары, практикалық, далалық, сыныптан тыс жұмыстардың әдістері қарастырылады. Студенттер сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу тәжірибесін меңгереді. Студенттер далалық зерттеулерде өз бетінше жұмыс істеу, мектеп географиясы курсының көрнекі материалдарын әзірлеу дағдыларын алады. Өзіндік жұмысты бағалау критерийлерімен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің практикалық және шығармашылық дағдыларын дамытатын құбылыстар мен процестерді белсенді және өз бетінше білуге бағытталған практикалық жұмыстардың тізімін кеңейту

Оқыту нәтижелері

ON6 Мектеп пен университеттің географиялық және тарихи пәндер бағдарламасының барлық сұрақтары бойынша оқу материалын күнделікті кәсіби қызметке байланыстыру

ON7 География және тарих сабақтарында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Оқыту нәтижелері:

- Студенттердің өздік жұмысы түсінігінің мазмұнын, мектеп пен жоғары оқу орындарында өздік жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттау.

- Өздік жұмысының міндеттерін, принциптерін, түрлері мен деңгейлерін түсіндіру.

-Сабаққа дайындық барысында өздік жұмыс түрлерін талдау.

Пререквизиттер

Педагогика

Постреквизиттер

Педагогикалық тәжірибе

Ежелгі заманның өнер ескерткіштері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс аясында адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің бір бөлігін бейнелейтін ежелгі әлемнің көрнекті өнер ескерткіштері оқытылады. Пән материалдық және жазбаша ескерткіштерді, сәулет, археология, сәндік-қолданбалы өнерді зерттеу тарихы туралы жүйелі білімді қалыптастыруды қамтиды, өнердің дамуымен байланысты ежелгі әлем тарихының негізгі кезеңдері мен фактілерімен таныстырады. Курс студенттерді адамзаттың мәдени жетістіктеріне, адамзат өркениетінің дамуына үлес қосқан шығармаларға баулиды.

Пәнді оқыту мақсаты

Ежелгі заманның өнер ескерткіштерінің ерекшеліктері, ежелгі заман өнерінің әлемдік тарихтағы орны мен рөлі туралы кешенді білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON3 Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) дүниежүзілік мұраның негізгі ескерткіштерін әлем елдері бойынша ажырату
- 2) "Мәдени мұра" ұғымын тарихи динамикада түсіндіру
- 3) тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттерден алынған ақпаратты түсіндіру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Батыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы

Географияны оқытудағы қазіргі заманғы технологиялар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста географияны оқытудың заманауи технологияларының негізгі әдістемелері сипатталып, олардың сыныпта және сабақтан тыс жұмыстарда тиімді қолдану жолдары толықтай қамтылады. Курс барысында студенттерде әртүрлі оқыту технологиялары туралы түсініктері қалыптасады және оларды мектептегі география курсына оқытуда пайдалану жолдарын меңгеріп шығады. Студенттер қазіргі мектептегі оқытудың негізгі технологияларына теориялық шолу жасайды, жоспарланған нәтижеге жету үшін географияны оқытуда әртүрлі технологияларды қолданудың маңыздылығын терең меңгеріп шығады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларды географияны оқыту бойынша әдістемелік дайындау және сабақта жаңа технологияларды қолдануды үйрету

Оқыту нәтижелері

ON6 Мектеп пен университеттің географиялық және тарихи пәндер бағдарламасының барлық сұрақтары бойынша оқу материалын күнделікті кәсіби қызметке байланыстыру

ON7 География және тарих сабақтарында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Оқыту нәтижелері:

- Географияны оқытуда инновациялық технологияларды қолдану туралы түсінік беру;
- География сабағында инновациялық технологияларды енгізу
- Географияны оқытуда жекелеген технологияларды таңдау принциптерін негіздеу

Пререквизиттер

Педагогика

Постреквизиттер

Педагогикалық тәжірибе

Азия мен Африка елдерінің орта ғасырлардағы тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән орта ғасырлардағы Азия мен Африка елдерінің негізгі даму тенденцияларын зерттейді. Кезеңдік уақыты, орта ғасырдың негізгі мәселелерінің негізгі тарихнамалық тұжырымдамалары, көрнекті тарихи тұлғалардың өмірбаяндық мәліметтері қарастырылады. Азия мен Африка елдеріндегі тарихи оқиғалар мен үрдістердің өркениеттік ерекшеліктерін, ортағасырлық қоғам дамуының негізгі заңдылықтарын, саяси ұйымның, әлеуметтік құрылымның, мәдени ландшафттың ерекшелігін, африка-азия континенті мемлекеттерінің әлемдік өркениет тарихындағы рөлін ескере отырып талданады.

Пәнді оқыту мақсаты

Орта ғасырларда Азия мен Африка елдері дамуының негізгі тарихи кезеңдері туралы кешенді білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON3 Теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде тарихи пәндер саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды интеграциялау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) қоғамда болып жатқан негізгі үрдістерді айқындау
- 2) Азия мен Африканың жергілікті-тарихи қоғамдарының негізгі ерекшеліктерін ажырату
- 3) тарихи оқиғалар мен процестердің себеп-салдарлық байланыстарын талдауға міндетті

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Шығыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы

Табиғи-аумақтық кешендерді геоақпараттық модельдеу

Пән циклі	Базалық пәндер
-----------	----------------

Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән табиғи аумақтық кешендер мен қоршаған ортадағы процестерді геоақпараттық модельдеу мәселелерін қарастырады. Пәнді оқу барысында студенттердің электронды карталарды құру, табиғи объектілерді модельдеу, кеңістіктік талдау, географиялық зерттеулерде геоақпараттық жүйелерді қолдану дағдылары қалыптасады. ГАЖ ортасында мәліметтер қорын құру, сандық деректерді өңдеу және заманауи геоақпараттық жүйелер технологиясын қолдана отырып, зерттеу жобаларын орындайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Геоақпараттық модельдеудің, кеңістіктік мәліметтер базасын және ГАЖ жобалаудың теориялық және практикалық ережелерін игеру.

Оқыту нәтижелері

ON4 Білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық технологияларды және заманауи ақпарат құралдарын пайдалана отырып әзірлеу.

ON5 Тәжірибелік-зерттеу жұмысының нәтижелерін есеп, ғылыми баяндама, хабарлама, қорытынды түрінде түсіндіру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Географиялық процестердің дамуының модельдерін құру үшін географиялық зерттеу әдістерін меңгеру

- Географиялық ақпараттық жүйелерді қолдану арқылы әзірленетін модельдің теориялық бөлігін дайындау мен практикалық іске асыру арасындағы уақытты бөлу;

- Географиялық ақпаратқа талдау және оның негізінде географиялық процестердің дамуына модельдеу жүргізу

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Географияны оқытуда АКТ қолдану

Қазақстанның тарихи географиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән географиялық ортаның Қазақстанның дамуына әсерін қарастырады. Сондай-ақ Қазақстан халқының қалыптасу үрдісі, оның этникалық құрамы, орналасуы, қозғалысы, ежелгі сонымен қатар қазіргі кезеңде осы аумақта өмір сүрген мемлекеттердің тарихы мен аумақтық орналасуын зерттейді. Бұл курс тарихтың әртүрлі кезеңдерінде мемлекет шекараларының өзгеруі, ішкі әкімшілік-аумақтық бөлінісі, елді мекендердің орналасуы туралы түсінік қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің Қазақстанның тарихи географиясы бойынша білімдерін қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON8 Ақпарат пен дереккөздерді олардың нақтылығы мен ғылыми сипаты бойынша түсіндіру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) ұғымдық аппаратты және тарихи географияның негізгі әдістерін білу

2) алған білімдерін тәжірибеде қолдану

3) картографиялық материалды тарихи дерек көзі ретінде түсіндіру.

Пререквизиттер

Қазақстан тарихы

Постреквизиттер

Қазақстанның жаңа заман тарихы

Күншығыс Алашорда тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән Ақпан төңкерісінен кейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайды, халық пен ұлттық зиялы қауымның көңіл-күйін, алғашқы жалпықазақ съездері мен олардың шешімдерін, Алаш партиясының қалыптасуын қарастырады. Курсты оқу барысында білім алушыларда еліміздің шығысындағы Семей қаласындағы Алашорданың - Алаш автономиясы үкіметінің қызметі туралы жүйелі білім қалыптасады. Курс аясында Алаш және Алаш Орда қозғалысының деректанулық базасы мен тарихнамасы қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттердің Күншығыс Алашорданың тарихы туралы білімдерін қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON8 Ақпарат пен дереккөздерді олардың нақтылығы мен ғылыми сипаты бойынша түсіндіру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) қазақ халқының ұлт-азаттық күресінде Алаш Орданың шығыс бөлімінің тарихи рөлін анықтау

2) XX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамдық-саяси процестер мен оқиғаларды талдау

3) нақты тарихи зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін қолдану

Пререквизиттер

Түркі халықтарының тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән түркі халықтарының тарихын біртұтас үрдіс, әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Пән аясында түркі халықтарының шығу тегінің тарихи тамыры, олардың өзара байланысы, этностық, саяси және мәдени өзгешелігі, ортағасырлық түркі мемлекеттік бірлестіктеріндегі саяси-экономикалық және мәдени үдерістердің негізгі ұғымдары мен мәні, жаңа кезеңдегі түркі халықтарының қалыптасуы мен дамуы, қазіргі кезеңдегі түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси дамуы талданады.

Пәнді оқыту мақсаты

Түркі халықтарының тарихы жөніндегі білімді біртұтас процесс, дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі ретінде қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON8 Ақпарат пен дереккөздерді олардың нақтылығы мен ғылыми сипаты бойынша түсіндіру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) түркі халықтарының тарихи шығу тегін анықтау
- 2) қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалана отырып, түркі халықтарының тарихын зерделеу;
- 3) тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттерден алынған ақпаратты түсіндіру

Пререквизиттер

Шығыс елдерінің ежелгі және ортағасырлар тарихы

Постреквизиттер

Шығыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы

Геоинформатика негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс студенттерді заманауи картографиялық әдістер: карталардың сандық моделі, электрондық карталармен жұмыс жасау, географиялық ақпараттық жүйелердің қызметі, өзара байланысы, геоақпараттық әдістер, ГАЖ технологияларының ерекшеліктері, картографияда қолданылатын компьютерлік бағдарламалар, географиялық деректер базасы, географиялық деректерді визуализациялау туралы ақпаратпен таныстырады. Географиялық ғылымдарда ГАЖ қолданудың негізгі идеялары, принциптері мен заңдылықтары, географиялық мәселелерді шешуде ГАЖ қолдану мүмкіндіктерінің шегі туралы білімін толықтырады.

Пәнді оқыту мақсаты

геоақпараттық технологияларды, ГАЖ құру және пайдалану әдістерін, Географиялық зерттеулер мен кеңістіктік деректерді картографиялық талдаудың геоақпараттық әдістерін теориялық ұсыну мен меңгеру дағдыларын қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON4 Білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық технологияларды және заманауи ақпарат құралдарын пайдалана отырып әзірлеу.

ON5 Тәжірибелік-зерттеу жұмысының нәтижелерін есеп, ғылыми баяндама, хабарлама, қорытынды түрінде түсіндіру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Географиялық ғылымдарда ГАЖ қолданудың негізгі идеяларын, принциптері мен заңдылықтарын түсіндіру;
- дәстүрлі аналогты және сандық формадағы жалпы географиялық және тақырыптық карталарды, атластарды және басқа да картографиялық бейнелерді құрастыру, редакциялау, баспаға дайындау және басып шығару әдістерін меңгеру
- заманауи ГАЖ-пакеттерді пайдалана отырып, қолданбалы есептерді шешу

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Географияны оқытуда АКТ қолдану

Қашықтықтан зондтау негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс географиялық зерттеулердің әртүрлі міндеттері үшін қашықтықтан зондтау деректерін алудың заманауи әдістері және аэроғарыштық суреттерді жинау, цифрлық өңдеу және тақырыптық интерпретациялау бойынша практикалық дағдылар туралы білімді дамытуға бағытталған. Курс деректерді жинау технологиялары және қашықтықтан зондтау физикасы сияқты тақырыптарды қамтиды; әртүрлі типтегі кескіндерді өңдеудің қасиеттері мен ерекшеліктері; географиялық зерттеулерде қашықтықтан зондтау деректерін тақырыптық интерпретациялау негіздерін қамтиды.

Пәнді оқыту мақсаты

Жерді қашықтықтан зондаудың аэроғарыштық жүйелерінің физикалық негіздері, тура және кері есептерін шешудің математикалық әдістері саласында іргелі білімдерді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON4 Білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық технологияларды және заманауи ақпарат құралдарын пайдалана отырып әзірлеу.

ON5 Тәжірибелік-зерттеу жұмысының нәтижелерін есеп, ғылыми баяндама, хабарлама, қорытынды түрінде түсіндіру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- қашықтықтан зондаудың тура және кері есептерін шешудің негізгі ұғымдарын, физикалық-математикалық модельдерін және әдістерін тәжірибеде қолдану;

- бағалау әдісі негізінде қашықтықтан зондаудың тура және кері есептерін тұжырымдауды негіздеу

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Географияны оқытуда АКТ қолдану

Қазақстанның геоэкологиясы

Пән циклі Бейіндеуші пәндер

Курс 3

Академиялық кредит саны 5

Білімді бақылау нысаны Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пәнді оқу барысында жас мамандар геологиялық ортаның заманауи экологиялық мәселелерімен, геологиялық орта мен техносфераның өзара әрекеттесуімен танысады. Студенттер аумақтарды экологиялық-геологиялық картографиялаудың негізгі әдістерін меңгереді. Бұл курс Қазақстан Республикасындағы ауаның, судың, су қоймаларының, литосфераның ластануына баға береді және студенттерді аймақтардағы экологиялық жағдайды сипаттайтын пән бойынша теориялық және практикалық біліммен қаруландырады.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттерге Қазақстанның геоэкологиялық жағдайы жайлы жалпы түсініктеме беру

Оқыту нәтижелері

ON9 Табиғат кешендерінің қалыптасу заңдылықтарын сипаттау және қазіргі кезеңдегі табиғат пен қоғамның өзара байланысу ерекшеліктерін анықтау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Геоэкологияның негізгі ұғымдарын, теориялары мен заңдылықтарын, геоэкологиялық жағдайдың ерекшеліктерін және геоэкологиялық процестердің ағымының сипатын түсіндіру;

- Экологиялық дағдарыс және оның геожүйелердің әртүрлі иерархиялық деңгейлеріндегі көрінісін анықтау

- табиғи және табиғи-техногендік жүйелердің өзара іс-қимылын, антропогендік әсерді және жердің экожүйелерінің оларға реакциясын талдау;

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Табиғатты пайдалану және геоэкология

Қазақстан территориясының географиялық зерттеу тарихы

Пән циклі Бейіндеуші пәндер

Курс 3

Академиялық кредит саны 5

Білімді бақылау нысаны Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазақстан аумағын географиялық зерттеу тарихы курсы

Қазақстан жері туралы алғашқы географиялық мәліметтер мен Ұлы Жібек жолы туралы мәліметтерді қамтиды. Студенттер ерте кездегі ғалымдардың зерттеу еңбектерімен танысады. Курс барысында студенттер ғалымдардың физикалық географиялық зерттеулерімен қатар, жер-су атауларының шығу тарихын зерттейді және Қазақстан жері туралы орта ғасырлардағы географиялық құнды мәліметтермен толықтай танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан территориясындағы географиялық ашылулардың тарихын зерттей отырып, тарихи-географиялық мәдениетті қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON9 Табиғат кешендерінің қалыптасу заңдылықтарын сипаттау және қазіргі кезеңдегі табиғат пен қоғамның өзара байланысу ерекшеліктерін анықтау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- География туралы идеяларды өзара байланысты жаратылыстану және әлеуметтік пәндердің біртұтас жүйесі ретінде қалыптастыру.

- Қазақстан территориясындағы географиялық зерттеулерді кезең-кезеңімен сипаттау

- Қазақстан аумағындағы географияның даму тарихы бойынша дереккөздер жинағын жинау.

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Табиғатты пайдалану және геоэкология

Қазақстанның физикалық географиясы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында Қазақстанның географиялық орны мен шекарасы, табиғи ортаны зерттеген ғалымдардың еңбектері, геологиялық тарихы мен палеогеографиясы, геоморфологиялық аудандары, қазіргі жер бедерін түзуші үдерістер, Қазақстанның климаты, ішкі сулары, топырақ жамылғысы, флорасы мен фаунасының экологиялық мәселелері, ерекше қорғалатын аймақтардың маңызын қарастырады. Қазақстанның ірі табиғат кешендері мен физикалық географиялық аудандары сипатталады. Қазақстанның табиғи ортасының экологиялық жағдайы туралы білімдері қалыптасады.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттерді Қазақстан табиғатының ерекшеліктерімен және оның қалыптасуының негізгі заңдылықтарымен; Республика табиғатын зерттеу тарихымен, аумақ табиғаты компоненттерінің ерекшеліктерімен, физикалық-географиялық елдермен және облыстармен, физикалық-географиялық аудандастыру принциптерімен таныстыру

Оқыту нәтижелері

ON9 Табиғат кешендерінің қалыптасу заңдылықтарын сипаттау және қазіргі кезеңдегі табиғат пен қоғамның өзара байланысу ерекшеліктерін анықтау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Қазақстан Республикасының аумағын зерттеу тарихы, тектоникалық және геологиялық құрылымы, орография, жер бедері, климат, су, топырақ-өсімдік жамылғысы, жануарлар дүниесі, аумағының табиғи аймақтары туралы сипаттау;
- әр түрлі деңгейдегі табиғи аумақтық кешендермен, олардың арасындағы өзара байланысты, олардың қалыптасуы мен таралу заңдылықтарымен таныстыру;
- Қазақстан Республикасындағы экологиялық проблемалар, табиғатты қорғау мәселелері туралы түсінік қалыптастыру

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Табиғатты пайдалану және геоэкология

Қазақстан халқының орналасу географиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста «Халықтың таралуы» және «халықтың тығыздығы» ұғымдарының анықтамасы қарастырылып, халықтардың дүние жүзінің бөліктері және елдер бойынша таралуы мен Қазақстан территориясындағы халықтардың орналасуының негізгі айырмашылықтары зерттеледі. Курсты оқу барысында Қазақстан территориясындағы халықтың орналасуына әсер ететін факторлардың сипаттамасы: климат, рельеф, табиғи ресурстар, тарихи фактор, адамның табиғи жағдайларға бейімделуі ерекшеліктері туралы толықтай қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттерге Қазақстан халқы мен елді мекендері динамикасының, құрамының, орналасуының аумақтық және кеңістік-уақыттық ерекшеліктері туралы жүйелі білім беру

Оқыту нәтижелері

ON10 Экономикалық және әлеуметтік география, дүние жүзінің жаңа және қазіргі заман тарихы бойынша білімдерін педагогикалық қызметте қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Қазақстан халқының көбеюі мен жыныстық-жас құрылымындағы заңдылықтар мен өңірлік айырмашылықтар туралы білімді қалыптастыру.
- Халықтың көші-қонының қарқындылығын, құрамын және бағыттарын, еңбек ресурстарының саны, құрылымы мен қолданылуындағы аумақтық айырмашылықтарды зерттеу;
- аумақтың орналасуы мен орналасуында географиялық заңдылықтарды белгілеу;

Пререквизиттер

Картография топография негіздерімен

Постреквизиттер

Елтану және саяси география негіздері

Саяси география геосаясат негіздерімен

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Жалпы бұл пәнді меңгеруде білім алушылар саясаттағы кеңістіктік-территориялық аспектіні және әртүрлі мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық өміріне зерттеулер жүргізеді.

Курста білім алушылар саяси география мен геосаясаттың теориясы мен әдістемесінің негіздері мен толығымен танысады.

Экономикалық-географиялық зерттеудің негізгі тәсілдері мен әдістері, саяси география және геосаясат, экономиканың негізгі салаларының географиясы, олардың негізгі географиялық заңдылықтары, орналасуы мен даму факторлары бойынша

теориялық білімдерін практикада қолдана біледі.

Пәнді оқыту мақсаты

